

*«Балқаш қаласы С Сейфуллин атындағы
№7 мектеп –гимназиясы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі*

*Баланы әдеби кітап оқуға
үйретуге арналған
ата- аналарға көмекші
құрал*



**Құрастырушы: Исабаева Айман
Турсымбековна.
Бастауыш сынып мұғалімі.**

*Пікір жазушы: Сатанова Ш М –директордың ғылыми
әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары*


Алғы сөз

*Әдістемелік құрал ата –аналарға арналған.
Эстетикалық талғамы бай, ойы зерек,қиялы жүйрік,
көзі ашық, көкірегі ояу, ізгі ниетті ұрпақ
тәрбиелеудегі негізгі құрал осы проблеманы шешуде
бағыт бағдар береді.*



*«Тек кітап қана алға жылжуды,
адамдық шыңына шығуды үйретеді»
Н Ә Назарбаев..*

*Егер бір адам оқымаса- бұл оның жеке
трагедиясы, егер мыңдаған адамдар оқымаса-
бұл ұлттың трагедиясы.*



Кіріспе:

- Оқу -соның ішінде балалар оқуы, қай кезде де қоғам үшін маңызды нәрсе. Балалар оқуының белсенділігінің аса төмендеуі дабыл қағатын жағдайға жетті.
- Кітап оқу мәселесі- бүгінде мемлекеттік мәселе.
- Кітап- адам баласының ақыл ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал.



Мақсаты:

Бәсекеге қабілеттіліктің басты көрсеткіші –білім,
ал білімнің кәусар бұлағы – кітапқа назарды көбірек
бөлуге жан – жақты жағдай жасау,
өркениеттің көшінен қалмау үшін білім сапасын
арттыруда кітаптың орны ерекше екендігін білдіру.





Егер бір адам оқымаса- бұл оның жеке трагедиясы, егер мыңдаған адамдар оқымаса-бұл ұлттың трагедиясы.

И Бродский



Баланы әдеби кітап оқуға баулудың шарттары:

- ◎ Ата –ана өзінің ұл- қызына кітапты сатып алып , оның жеке кітапханасын ұйымдастыруы керек.
- ◎ Газет, журналдарға тұрақты жаздырып отырса.
- ◎ Кітап баланың жас ерекшелігіне сай болуы шарт.
- ◎ Кітаптың іші де, сырты да сондай тартымды болғаны жөн.
- ◎ Жасы үлкейген сайын бала күрделі шығармаға қарай ауысуын бақылау.

Баланың кітап оқу деңгейін анықтау мақсатында
төмендегі сұрақтарды қойып көріңіз

Соңғы рет қандай кітап оқыдың ?

Кітапханаға жиі барып тұруды ұнатасың ба?

Саған қандай кітаптар ұнайды?

Кітаппен қалай жұмыс істеу керек?

- Оқуды бастамас бұрын кітапшаны баламен бірге парақтап шығыңыз.
- Кітапшадағы түлкі, аю, қоян т.б таныс емес жануарлардың суреттерін көрсетіп, ол жайында айтып беруден ата –ана еш жалықпауы керек.
- Баланың назарын суретке аудара отырып , мәтіндерді дауыстап оқыңыз.
- Оқып біткен соң қай беттердің оған қызықты болғанын сұраңыз.
- Баланың сөздерді анық айтуына және екпінді дұрыс қоюын қадағалаңыз.
- Баладан түсінгенін сұраңыз.
- Бала кітап оқығанда немесе сурет тамашалағанда туған сұрақтарға жауап беруге дайын болыңыз.

Баланы кітап оқуға үйрету үшін ата-аналарға кеңес:

- ◎ Балаға бір жасынан -ақ кітап ұстатып үйреткен дұрыс.
- ◎ Суретті, санамақ кітаптардан бастау керек.
- ◎ Бала үнемі газет-журнал, кітап оқып отырған ата –ананы көріп өсуі тиіс.
- ◎ Салмақты, өзін-өзі ұстайтын баланың жаны кітапқа құмар келеді.
- ◎ Бала қызық кітапты кітапханашымен , ұстазымен, құрбыларымен, достарымен кеңесе отырып, таңдауы тиіс.

Кітап оқуға баулудағы жетістіктер.

- ◎ Кітаптың адам өмірімен, әсіресе баланың жан дүниесінен алатын орны ерекше.
- ◎ Кітап оқуға төселген бала, зерек, сауатты, сөздік қоры бай болып өседі.
- ◎ Көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізеді.

